

Шеңгелді ауылдық округі Кербұлақ ауылының көшелеріне қайта атау беру туралы

Алматы облысы Қонаев қаласы Шеңгелді ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 5 қыркүйектегі № 46 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14 бабының 4 тармақшасына сәйкес, Кербұлақ ауылы халқының пікірін ескере отырып және 2023 жылғы 29 маусымдағы Алматы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кербұлақ ауылының келесі көшелері қайта аталсын:

- 1) Бахтиярская көшесін "Бауыржан Момышұлы" көшесіне;
- 2) Лермонтов көшесін "Әлия Молдағұлова" көшесіне;
- 3) Молодежная көшесін "Абай Құнанбайұлы" көшесіне;
- 4) Солнечная көшесін "Дінмұхамед Қонаев" көшесіне;
- 5) Студенческая көшесін "Нұрғиса Тілендиев" көшесіне атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Округ әкімі

М. Жазиев